

63, 3 (5каз)

T12

Хисмет Табылдиев
Акылбек Жалмуратов



Кышыны жаны
жаныны кышы

**Хисмет Табылдиев
Ақылбек Қалмұратов**

КІШІ ЖҮЗ РУЛАРЫ

(ШЕЖІРЕСІ МЕН ТАРИХЫ)

338881 ур

**Атырау облыстық
Әмбебап-ғылыми
кітапханасы**

V-04

V-10

**АЛМАТЫ
Ер-Дәулет
Қазақстан
1994**

ББК 63.3 (5) Каз.)
Т 12

Т 12 Табылдиев Х., Қалмұратов А.

Кіші жүз рулары (Шежіресі мен тарихы). —

Алматы: Ер-Дәулет—Қазақстан. 1994.— 110 б.

ISBN 5-615-01657-4

Халқымыздың тарихи шежіресі — тек-тағайы күні бүгінге дейін тереңнен қозғалып, зерделене зерттеліп келмегені анық. Бұл еңбек тарихи танымымызда кенже қалған халық шежіресінің олқы тұсын толтыра түсуге арналған.

ISBN 5-615-01657-4

Т 0503020905-00
401(05)-94 Күлақтандырылмаған

ББК 63.3 (Каз.)

© Х.Табылдиев, А.Қалмұратов, 1994

АЛҒЫ СӨЗ



онау Алтайдан Днепрге дейінгі кең байтақ өлкені мекендеген арғы бабаларымыздың кейінгі ұрпақтары қалай өсіп-өңді, қалай ұлт болып қалыптасты: бұлар жөнінде күні бүгінге дейін ғылыми негізделіп, хатталған, бір ізге түсірілген құжаттық нұсқалар жоқ. Қазіргі біз пайдаланған шежірелік нұсқалар ХІХ ғасырдың екінші жартысында Мақаш Бекмұхамбетұлы, Мұрат ақын Мөңкеұлы, ақын Әбубәкір Кердері т.б. сияқты сауатты адамдардың ел аузынан жинап, кейінгі ұрпаққа жазып қалдырған мұрасы іспеттес.

Кіші жүз рулары жайлы еңбекті жазу кезінде осы кезге дейін көпшілікке ұзынсонар аты ғана еміс-еміс белгілі, бірақ көзге көрінбей келген ХVІІ ғасырда Тәуке хан жарлығымен жазылған шежіре-кітап, Жетірулық Нұрпеке халпе шежіресі авторлардың ой елегінен өтті. Тәуке ханның шежіре кітабы жайлы, ондағы қазақ

руларының түп-төркінінің баяндалуы жайлы біршама мәліметтер берілді.

Аталмыш еңбекті әзірлеуде бұрынғы шежірешілердің қалыптасқан дәстүрінде қалып қоймай, оған өзіндік бағыт-бағдар белгілеп, оқушы назарын ең алдымен жалпы адамзат тарихы жөніндегі діни, ғылыми, ауыз-екі шежірелік бұлақтар дәйектеріне аударуды мақұл көрдік.

Кітапта қазақ жұртының ұлт, халық болып қалыптасуының ру, тайпа, ұлыстар тарихымен байланыстылығын әңгімелей отырып, халқымыздың тегін түзеген тайпалар атауының этимологиясына, олардың мекендеген жағырапиялық орнына, басынан кешкен уақиғаларына байланысты мәліметтер де келтірілді. Арғы тегі ғұн, сақ т.б. тайпалық, ұлыстық құрылымдар арқылы қалыптасқан қазақ ұлтына негіз болған тайпалар тарихынан хабардар еттік.

Түрік тайпаларының ұлт болып қалыптасуына әлеуметтік, экономикалық, тілдік ортаның ерекше орын алатыны жайында, бұл ретте түрік халықтары тілінің қалыптасу, даму эволюциясының сонау Алтай дәуірінен олардың әрқайсысының жеке ұлт болып қалыптасу кезеңіне дейінгі сатыларының келтірілгенін де айтқан жөн.

Қазақстанға, қазақтар мекен ететін көршілес өлкелерге қатысты ежелгі заманнан бергі деректерді қазақ халқының тарихы ретінде қарай отырып, халқымыздың қазақ болып қалыптасқанда оның ұлттық құрамына енген тайпалар мен ру, ұлыстардың мекен еткен аймақтары да сөз етілді. Біздің жыл санауымызға дейінгі бесінші ғасырда өмір сүрген грек тарихшысы Геродоттың «Тарихынан» да аз-кем деректер берілді.

Кітапта қазақ руларына байланысты шежірелік дәйектер салыстырмалы түрде, бірнеше шежірелік нұсқалар мен ауыз-екі деректердің мәліметтеріне сын көзімен қарай отырып тұжырымдалды.

Алшындар деп аталатын Кіші жүз руларының қалыптасуы, дамуы жайында да деректер баршылық.

Жазба және ауыз-екі деректер негізінде Алтын руларының жайсаңдары мен игі жақсылары жайында тағымдық маңызы бар деректерге де орын бердік. Әрине, көп ретте бұрын көшілікке белгісіз есімдер мен деректерді ғана көрсетуге тырыстық.

Кітаптың ең соңында Кіші жүз руларының жалпы сапсы жөнінде өз пікірімізді білдірдік.

Әрине, біз ұсынып отырған кітап, біздің ойымызша, Кіші жүз тарихын тануға деген ізгі талпыныстың нышаны болар деп білеміз. Бұл игі істің басы да, аяғы да емес. Ел тарихын білуге деген бетбұрыс жаңа басталды. Соңдықтан еңбектің олқы соғар жерлері де болар. Егер құжаттармен, бұлтартпас деректермен негізделген пікірлер айтылар болса, авторлардың ризалықпен қабылдарын оқушылар қатеріне береміз.

Авторлар.

ҚАЗАҚТЫҢ АРҒЫ ТЕГІ. ШЕЖІРЕ БАСТАУЫ



азақ шежірешілері қазақтың түпкі тегін Нұх (Нох) пайғамбардың үш ұлының Хам, Сам, Яфс (Яфес) бірінен — Яфестен бастайды.

Адам-атадан осы күнге дейінгі ұрпақтар тізбегін дәлдікпен, сатылап бере алатын бір де бір шежіре жоқ.

Нұх пайғамбарға дейінгі (Адам-атадан) бабалар тегі Тауратта (Библия) берілген. Қасиетті Құранда «Адамды Алла күлден жинастырып, бойына жан бітірген» деп көрсетеді. Адам-атаның оң жақ қабырғасынан Хауа ананы жаратқан. Алланың құдіретімен Хауа-ана (Ева) жыл сайын бір ұл, бір қыздан өмірге келтіріп, кейін олар өскен соң, үлкен ұлын екінші қызына, екінші баласын бірінші қызына үйлендіріпті, сөйтіп адамзат ұрпағы осылайша

өсіп, қанат жайған. Адамзат қауымының саны қырық мыңға жеткенде мың жыл өмір сүріп, Адам-ата дүниеден озады, бір жылдан кейін Хауа-ана да өмір кешеді.

Адам-атаның балаларының бірі — Шис (Шейс), Тауратта Шит деп аталады. Оның баласы — Ануш, оның ұрпағы Кинан, оның ұрпағы Мехлеил, одан Бард (Бёрд), одан Ідіріс (Эхнух), одан Матушлаг, одан Уамак (Матушалех, одан Леймек), одан Нұх-пайғамбар.

Нұхтан Сам, Хам, Яфс (Яфес). Түрік халқы, міне, осы Яфес (Яфет) ұрпағы деп айтылады.

— Абулғазы Бахадаур-ханның «Түрік шежіресінде», — дейді Шәкәрім Құдайберді ұлы,¹ — Яфестің сегіз ұлы болған. Олар: Түрік, Хазар, Сақлаб, Қытай, Камари, Тархи, Жапон, Манчжур. Түріктердің балалары жөніндегі деректер Әбілғазы Бахадаур-хан шежіресінде мұсылман жылнамашыларынан алынған, яки ауыз екі әңгімелерге негізделіп жазылған.

Біздің жыл санауымыздың 1126 жылы шыққан белгісіз автордың «Тарих және әңгімелер жиыны» кітабында Яфестің ұлы Түріктің отаны Ыстық көл маңында деп көрсетіледі. Түріктің төрт ұлы болған. Олар: Тутек, Жекел, Берседжар, Эмлак².

— Қытай жылнамашыларының жартылай аңыз мәліметіне қарағанда, — деп көрсетеді Шәкәрім Құдайберді ұлы³ — қадым замандағы түріктердің тегі Со (Сет) деп аталған. Бұл халықты Ежен Шейду хан басқарған. Со бабасының әйелінен — көктен жаратылған қыздан төрт ұл туған. Ұлдарының бірі аққуға айналса, екіншісінің аты — Кейт Ху (Ци-гу), Алу, Хун (Алу және Гянь), Абакан мен Енисей өзендерінің аралығында өз мемлекетін құрған; Үшіншісі Шу өзені өңірін биледі. Надулуше атты үлкен ұлы Шусиши (Басы — шу, яғни шу өзенінің жоғарғы жағы, бастауында) тауын мекендеді. Хан ордасы (хаңдық орталығы) осында болды.

1. Құдайбердиев.Ш. «Родословная», Алматы, 1991, стр.12

2. Сонда, 39-бет.

3. Сонда, 40—41 бет.

Басын қар басқан биік таулар суық болып, елдің құтын қашырды. Надулуше еліне от жағып, жылынуды үйретеді. Ал аққуға айналып кеткен баласы жөңіндегі әндімені жаңсақ айтылған дер едік, себебі әндіме Алтайдағы Қу өзені бойының еліне билік еткен хан жөңінде болып отыр.

«Түрік шежіресінде»¹ және басқа мұсылман жылнамашыларының деректеріне қарағанда пеші бар жылы жайларды алған мекендеген түріктер, ал пешті ойлап тапқан Надулуше делінеді.

Сонымен, Ш.Құдайбердіұлы өз «Шежіресінде»² Қытай ғалымдарының деректеріне сүйене отырып, «біздің халқымыз Адам-атаның Шис ұрпағының Со (Сот) тайпасынан тарайды» — дейді. Сөйтіп, Со (Сет) тайпасы өсе келе төрт бұтаққа бөлінеді. Бір бұтағы Солтүстік Алтайдың Қу-кубанды (орыстар комаңдар деп атаған) өзен бойын, екінші бұтағы Апу және Ган (Абақан, Елисей) өзендер аралығын мекендейді, бұлар қырғыздар деп аталады. Үшінші — Шу өзені бойында (қытайша «чукси»), төртіншісі — қытайша тукю, яғни түріктер, Шу өзенінің бастауында, тауда орын тепкен. Тукю біздің түсінігімізде Түрік мемлекеті, Орталық және Орта Азияның саяси жолбасшысы (гегемоны) ретінде біздің дәуіріміздің 552 жылы құрылған көшпенділер державасы — Түрік қағанаты — туралы болып отыр. Олардың мекені Монғолиядан басталып, қытайдың солтүстігін қоса Қара теңізге дейінгі байтақ жерді алып жатты.

В.В.Радлов еңбегінде³ Түрік қағанаты құрылғанға дейін біздің дәуірімізге дейінгі екі мыңыншы жылдары Қытайдың солтүстігінде ту-кю (түріктер) мекендегені көрсетіледі.

Хунну, гундар деп аталған түріктер 697 жылы (біздің дәуірімізге дейін) Қытайдың Ансу провинциясын басып алған.

1. Әбілғазы Бахадур-хан «Шажара-и-түрк», 14 бет.

2. Ш.Құдайбердіұлы «Родословная», 14 бет.

3. Радлов В.В. «К вопросу об уйгурах». Журнал Мин. нар. просв., 1841. стр. 58.

Қытайдың бұл жері Монғолиямен шектесетін. Осыдан 45 жылдан кейін Пэ Жей дейтін екінші провинциясын да бағындырған. Түрік тайпаларының шапқыншылығынан қорғану үшін қытайлықтар қорғаныс бекіністерін сала бастаған (ұлы Қытай қорғаны). Сонымен бірге... топа, сиенпи, жужин (жужан) тайпалары қытайлықтардан дань алып та тұрған¹.

Хун (гун) хаңдары ол кезде шаньюй, содан кейін тяньжу лауазымдармен аталды. «Б.д.д. 206 жылы гундардың хаңы Томин тяньжу өліп, орнына баласы Моде (Мотэ) хан болады.

Б.д.д. 177 жылға дейін «Моде өзінің иелігіндегі жерлердің көлемін біраз ұлғайтып алады»².

Гундардың қытай жеріне толассыз шабулы хань императорын ойландырмай қоймайды. Өзінің кеңесшілерімен ақылдаса келіп, қытай императоры гундармен тыныштықта отырудың парты қыз берісіп, жекжат болу деп түйеді. Сөйтіп, «біздің дәуірімізге дейінгі 198 жылы тарихта «туыстыққа негізделген бейбітшілік туралы келісім» деген атпен белгілі көпшелі көршілермен келісімге келудің бастапқы қадамдары жасалды»³.

Шынында да бұл Қытай мемлекетінің көпшеңділерімен екі арада жүргізген дағдылы саясатына тән келісім еді. Мұның негізінде гундар көсемдерін қытай үкіметінің тәуелділігінде ұстау идеясы жатқан болатын.

Сонымен қытай жылнамашыларының еңбегіне сүйеніп, Н.А.Аристов өзінің «Краткий исторический обзор тюркских племен средней Азии» еңбегінің 290-бетінде түріктерді хунн, немесе гунн деп атады. Кейін-гаугу (ұйғырлар) делінді. Гунндар үш халыққа бөлінді: Шан-жун, хян юнь және хун-юй (пияз

1. Радлов В.В. «К вопросу об уйгурах» (Из предисловия к изданию Кудатку Блика), Санкт-Петербург, 1893.

2. Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности.» Живая старина», вып. III, IV. С-П-бург, 1896.

3. Сонда.

жегіптер, шызбен қоректенушілер) Гундар мен Со тайпаларынан тараған түркілер (тукю) Алтай мен Саян тауларының солтүстік баурайын мекендеген.

Түрік тайпалары тегі бір болғанмен араб, парсылар сияқты бір ұлттық құрамда болған жоқ. Әр түрлі тайпалар бірігіп, бір тайшалық одақ құрған, көрші мемлекеттерге қарсы соғыс ашып, оларды жаулап алған, болмаса, жеңіліп қалса, жеңімпаздар құрамында басқа елдерге қарсы соғысатын әскерінің бір бөліміне айналған. Сөйтіп, бір рудан екінші руға, бір тайпадан екінші тайпаға араласып кетіп, әр түрлі атпен аталған. Әр түрлі түрік тайпасының өкілдері бір-бірімен туыс болғысы келсе, өз денесінен қан шығарып, оны сүтпен немесе қымызбен араластырып, алма-кезек ішсе, ойлағандары жүзеге асқан болып есептелген. Осы кезден бастап, олар қаны бір бауырлар делінген. Мұндайларды «аңда» деп атаған¹. Қазіргі тіліміздегі «құда-аңда» сөз тіркесі (құда-жекжат) өз түп төркінінде сол бір алыс кезеңнен бастау алмады деп айта алмаспыз.

Түріктер ислам дінін қабылдағанша зороастризм, буддизм, христианство т.б. әр түрлі діни нанымдардың ықпалын басынан өткізген, бірақ олардың бір де біреуі түркілер тұрмысынан, әдет-ғұрпынан орын таппаған. Олардың өз діні болған деген болжамдар аз айтылмағанды, бірақ дәл қандай екенін дәлелдейтін бұлақтар кездеспейді. Тек қана бізге белгілісі — түріктердің ертедегі қытайлықтардай бес түрлі табиғат күшіне — жерге, суға, ағашқа, металға, отқа табынғаны, олардың жыл санауының негізіне аталған бес элементтің де қатыстылығы. Әр жыл белгілі бір жануар мен жәндіктің атымен аталып, 12 жылдық жүйе (цикл) құрайды. «Осы 12 жылдық жүйе (цикл) негізіне аталған бес элементтер қосылып, 60 жылдық цикл түзеді. Мысалы, барыспен ағаш, тышқан мен металл жылдары болып қосарланып келеді². Бір ерекшелігі, түрік халықтары өздерінің ежелгі әдет-

1. Құрбанғали Халид. «Тауарих хамса», Алматы, 1991.

2. Сонда.

ғұрып, дәстүрлерін осы кезге дейін сақтай алған. Егер түрік азаматы үйленсе, қалыңдығына қалың мал төлеу (түрікше-ағырлық), көрімдік беру, түріктердегі-юз көрмек (қалыңдықты көру үшін төлем), қазақтардағы — қол ұстамақ т.б. рәсімдер бүгінгі түрік ұрпақтарының тұрмыс-тіршілігінде де кездесіп отыр.

Түріктер өте жауынгер халық ретінде парсы, араб, қытай елдерінде аты аталады. Бір аңызда парсы патшасы Файруз түріктерге қарсы әскер жасақтайды, бірақ жауынгерлері қарсылық білдіріп, өздерін өлімге жұмсамауын өтінеді. Қашпа ақыл қосқанмен көптің ақылы кәдеге аспайды, ол әскерін түркілерге қарсы соғысқа бастайды, сол соғыста Файруз-патша жантәсілім болады, әскері де қатты соққыға ұшырайды.

Ел ішіндегі ескі ауыз-екі шежірелерде персиядағы Ая-София мешіті қабырғасында араб әріпімен «түріктерге не жауды тас-талқан етіп жеңу, кітап беттерінен парақтағанмен бірдей деп жазған көрінеді»¹.

Өз әскерімен Қытайға баса көктеп кірген гуңдар ханы Мотэге қарсы ұрысқа шығар алдында Қытай императорының кеңесшісі: «Нельзя этого делать, сюнну (гуңшы) по своей природе скапливаются в стаи, как звери, и рассеиваются как птицы, гоняться за ними все равно, что ловить свою тень. Ныне если напасть на сюнну, то опасаться, что вы, несмотря на высокие добродетели окажетесь в опасном положении»² депті. Бұл айтылғандардан түріктердің соғысу өнерін шебер меңгергенін, ұрыста шапшаң, шалт болғанын, ақыл, айналы да бірдей қолданатынын байқаймыз.

Түріктердің аса жауынгерлігін гуңдердің қытай империясын әлсін-әлсін шауып алып, салық төлетіп тұрғанын жоғарыда айтқаннан да көз жеткіземіз.

1. Ш.Кудайбердиев, «Родословная», 1991 г., 32-б.

2. Крюков, Древние китайцы ... с. 11.

Алтай түріктері өздерімен туыстас Жужан мемлекетіне тәуелділіктен құтылу үшін оларға қарсы соғыс ашып, тас-талқан етіп жеңді. Жужандар VI ғасырдың ортасына дейін қазіргі Монғолияның жерін мекендеген еді. Соғыстан аман қалғандары батысқа көшіп кетті. Сөйтіп Византия императоры Юстинианның рұқсатымен Паннония жеріне қоныстанды. «Еуропаға қоныстанған жужандар аварлар деген атпен белгілі еді. Олар кейіннен мажарлар (венгерлер) негізгі халқын құраған ұлттармен бірге болады. Сөйтіп, орталық Азия көшпенділерінің мәдениетін, алтайлықтар тілінің элементтерін өздерімен бірге ала келді»¹.

Түріктер VI ғасырдың ортасында өз мемлекетін құрды, бірақ VIII ғасырдың ортасына қарай қағанат құлады. IX ғасырдан бастап араб-парсы тіліндегі жағырафиялық және тарихи әдебиеттерде түрік жеке тайпаның, немесе мемлекеттің аты ретінде емес, тілдің, халықтардың аты ретінде қолданыла бастаған. Осы ретте тіл мәселесіне де аз-кем тоқтала кеткен ләзім. Мыңдаған жылдарды қамтитын түркі тілдерінің тарихын шартты түрде мынадай кезең, дәуірлерге бөлуге болады².

1. **Алтай дәуірі.** Бұл қадым заманда түркі және монғол тілдері бір негізден бөлініп шықты. Көптеген ғалымдар осы кезеңде оған қосымша тұңғыс-маньчжур, тіптен корей және жапон тілдерін өзара туыстас санап, оларды «алтай тілдері» деп атайды.

2. **Ғұн дәуірі (V ғасырға дейін).** Орта Азиядан Рим империясының шекарасына дейінгі ұлан-байтақ территорияны қоныс еткен түркі ұлыстары мен тайпалары осы кезеңнің ақырына дейін екіге — батыс ғұн (қыпшақ, оғыз, қарлұқ бұтақтары); шығыс ғұн (аралық бұтақ) тілдері болып ажырады.

3. **Көне түркі дәуірі (VI—IX ғ.).** Түркі ұлыстарының батысында (Еуропада) — Хазар мен бұлғар; орталықта —

1. Викторова, «Монголы». стр.130—131.

2. Энциклопедический словарь, VI. 19-том.

қыпшақ, оғыз, қарлұқ; шығысында — көк түрік, ұйғыр, қырғыз тілдес тайпалар бірлесті.

4. Орта түркі (IX—XV ғ.) дәуірінде қазіргі түркі тілдерінің негізі қаланды.

5. Жаңа түркі дәуірінде (XV—XIX ғ.) барлық түркі тілдері жеке-жеке отау тігіп, бөлініп шықты.

Түрік тектес тайпалардың мәдениеті, әдебиеті жазу-сызуының болғаны да археологиялық деректер арқылы дәлелденіп отыр. Мысалы, Орхон-Енисей, Шу, Талас бойларынан табылған ескерткіштер, міне, осының анық дерегі.

Жоғарыда айтқанымыздай, түрік тайпалары ерте заманда алғашқы адамдардың алды болып жылы жай салып, оны іштен пеш жағып жылытуды білген. Бертін келе түрік тектес тайпалар іргелі қалалар салып, оны жаудан сақтайтын қорғандармен қоршаған.

Қандай да бір халықтың нақтылы шығу тегін сөз ету үшін алдымен адам баласы жер бетінде қашан, қалай пайда болды, қалай дамыды, қалай дүние жүзіне тарады деген өзекті мәселенің басын ашып алу керек. Қазіргі ғылым деңгейінде адамзаттың алғашқы пайда болған отаны Оңтүстік Африка деп есептеледі. Мұны осы өлкені отыз-қырық жыл зерттеген әкелі-балалы ағылшын ғалымдары — Лики деген оқымыстылар дәлелдеп шықты. Олар Оңтүстік Африкадан осыдан төрт-бес миллион жыл бұрынғы маймыл тәріздес адамдардың бас сүйектерін тапқан. Олардың пікірінше, осы өлкеде пайда болған адамдар көбейе келе Жерорта теңізі аймағына жеткен, үйткені бұл маңның адамдардың өсіп-өнуіне қолайлы жағдай — жеміс-жидек, жылдық орташа температурада 20 градус жылылық болған.

Дүние жүзіндегі халықтардың бір арнадан шыққанын, тегінің бір екенін тіл ғылымы да құптап отыр. Қазіргі дүние жүзіндегі үш мыңға тарта тіл 9 үлкен топқа бөлінеді. Олар: үнді-еуропа, семит-хамит, алтай, орал, дравид, картвель (кавказ), қытай-тибет, палеоазит, тунгус-манчжур тіл ұялары. В.М.Иллич-Свитич негізін

салған ностратикалық тілдер теориясы бойынша аталған тілдердің алғашқы 6 тобы — бір негізден шыққан туыс тілдер.¹

Қазақстанға және қазақтар мекен ететін көршілес өлкелерге қатысты ежелгі заманнан бергі деректерді қазақ халқының тарихы деп қараған жөн. Оның себебі XI—XV ғасырларда халқымыз қазақ атанғанға дейін қазақ халқының ұлттық құрамына енген ру, тайпа және ұлыстар Қазақстанды және оған көршілес аймақтарды ежелден мекен еткен.

Қазақстан өлкесі жөніндегі ең көне мәліметтер біздің заманымызға дейінгі 490—425 жылдары өмір сүрген грек тарихшысы Геродоттың еңбектерінде кездеседі.² Аталған еңбектің I-томында «Каспий теңізінің шығыс жағын мекендеген массагеттер жерін парсы патшасы Кир басып алуды ойлайды. Кир массагеттерді соғыспай бағындыру үшін олардың қайтыс болған қағанының әйелі Томириске (күйеуінің орнына патша болып тұрған) үйленетінін айтып, елші жіберген. Патша әйел оның қулығын түсініп, ұсынысынан бас тартады.³ Осыдан кейін Кир қатуланып, ашық соғысқа аттанады. Бұл соғыс 530 жылы болады.⁴ Соғыста Томирис бастаған массагеттер жеңеді.

Бұл келтірілген деректердің Қазақстан тарихына тікелей қатысы бар, себебі, Геродоттың айтуынша оқиға Каспий теңізінің шығысында болады, ал С.П.Толстовтың зерттеуі бойынша, массагеттер — түркі тайпалары. Ол — массақа (бассақа) деген сөздің өзгерген түрі. С.П.Толстовтың пікірі тіл ғылымы тұрғысынан да дәлелді, өйткені түркі тілінде «б», «м» дыбыстары алмаса береді. Мысалы, бас-мас, басақ-масақ, т.б. Ал сөз соңындағы «т»

1. В.М.Иллич-Свитич., «Опыт сравнения ностратических языков», М.1972.

2. Геродот, «История» в девяти томах, Ленинград, 1972.

Осы еңбектің I және IV томдарында Қазақстанға қатысты тарихи деректер айтылады.

3. Геродот, «История», т.I с. 203—205.

4. ҚСЭ., 5-том, 1974 . 443-б.

— көптік жалғауы. Сонда массагет (бассагет) — «басақалар» — ұлы сақалар, негізгі сақалар, сақтар деген сөзді білдіреді. Әйел патшаның аты Томирисінің аяғында тұрған «с» қосымшасы грек тіліндегі зат есімге жалғанатын жұрнақ. Сонда бұл сөздің мәні «жұмыр», «томар» болса да — көне «түркі сөзі» — дейді А.Әбдірахманұлы «Қазақ халқының тегі туралы» мақаласында.¹

Қазақстанға қатысты деректер Геродот «Тарихының» IV кітабында да берілген. Онда Парсы патшасы бірінші Дарийдің Вавилонды жаулап алғаннан кейін өзінен бұрынғы Кирдің кегін қайтару үшін скиф жеріне жорыққа аттанғаны баяндалады. Бұл жорық Кир жеңілісінен 16 жылдан соң, яғни б.д.д. 514 жылы басталады. Көне грек авторлары өздерінің терістігіндегі Ресей мен Азияны мекендесушілерді, соның ішінде сақтарды да скифтер деп атаған.¹ Бұлар құрамына әр тілде сөйлейтін тайпалар кіргенін ескерте кеткен жөн.

Геродоттың айтуынша, скифтер қымыз дайындау үшін және қашып кетпеуі үшін құлдарының екі көзін пығарып, зағип етіп ұстаған. Олар жаңа сауылған биенің сүтін ағаш күбіге (тексте: «деревянные чаны») құйып, зағип құлдарға пістіретін болған.² Осылай дайындалған қымыздың беткі бөлігін скифтер жоғары бағалаған. Геродот «скифтер дихан емес, көшпелілер ғой» деген.³

«Тарихта» скифтердің тегі туралы да деректер айтылады. Мұнда скифтер басқалардың бәрінен жас халық екені ескертіледі. «Бұл елдің алғашқы тұрғыны — Тарғытай, одан Липоксайс, Арпоксайс, Колаксайс деген үш ұл туған. Олардың кенжесі Колаксайсты ерекше қасиеті мен дарыны үшін ағалары патша етіп сайлаған.⁴

Бұл айтылғаннан ата-бабалар шежіресі Геродот заманынан басталады деп түйеміз.

1. «Халық кеңесі» газеті, №68, 9 сәуір, 1993.

2. Геродот, «История», IV, гл.2.

3. Сонда.

4. Сонда.

Екіншіден, Тарғытай деген есімнің «тай» қосымшасымен жасалған қазақ есімдері де өте көп кездеседі. Бір айта кетеріміз, осы кезге дейін Тарғытай есімінің этимологиясы ғалым-зерттеушілер назарынан тыс қалып жүр.

Ал енді Липоксайс, Арпоксайс, Колаксайс есім сөздерінің соңғы «с» дыбысы грек тіліндегі кез-келген атау сөзге жалғана береді. Атаулар құрамындағы «сай» сөзінен жасалған қазақ есімдері де баршылық. Бұл есімдердің тарғы, липок, арпок (арпақ), колак (құлақ) сияқты түбір сөздері әлі де зерттей түсуді қажет етеді.

Одан әрі қарай Геродот көне Қазақстан және оған көршілес аймақтар туралы құнды-құнды деректер айтады.

«... Танайс өзенінің жоғарғы жағында будиндер өмір сүреді. Олардың солтүстігінде жолы жеті күншілік шөл дала жатыр, ал оның шығысында фисагеттер орналасқан. Оларға көршілес жерлерде ирек деген халық тұрады, бұлар аңшылықпен күн көреді.

Бұдан өткен соң биік тау тұрғындары бар, олардың еркектері де, әйелдері де туғаннан тақырбас, таңқы мұрын, атжақты болып келеді»,¹ — дейді. Одан әрі олардың тілінің басқаша болса да скифтерше киінетіні, жеміс-жидекпен күнкөріс жасайтыны айтылады. «Олар жемісін жейтін ағаш понтик деп аталады, жемісі піскеннен кейін оны жинап алып езіп, орамалмен сүзеді, пыққан шырынды асхи деп атаған. Бұл халықтың аты аргипшейлер. Осы жақтағы осындай халықтармен скифтер жеті тілмашпен және жеті тілмен сөйлеседі», — делінген.²

Жоғарыда айтылғандарға талдау жасап көрелік. Мұндағы «будин» деп отырған халық аты — орхон-енисей ескерткішіндегі «будин», яғни «халық» деген сөз. Мысалы, «Түрік будин» — түрік халқы, түрік адамы болса, «фисагет» тайпасының аты біздіңше «бессақа» болуы мүмкін. Жоғарыдағы «массагет» —

1. Геродот, «История», т. IV, гл. 21–24.

2. Сонда.

«бассақа» жолымен жасалған атау. Мұндағы «асхи» сөзін түркі тілдерінде кең тараған ас (тамақ) сөзімен салыстыруға болады, өйткені грек тілінде сөз аяғында «х» дыбысы жалғана береді, бірақ сөз мағынасын өзгертпейді. Бұл сөз қазақ тілінде сұйық тамаққа қолданылатын «ас ішейік» тіркесімен түбірлес болса керек.

«Тарихта» «... Дарий әскері будиндердің жерінен өткен соң жеті күннен кейін құмға келіп тірелген. Бұл құмнан жоғарырақ жерде бессақалар елінде төрт өзен ағады екен. Бұл өзендердің аты — Лик, Оар, Гиргис және Танаис.¹» — делінеді.

338812p
3388812p
Сонымен Дарий жорығының жеткен соңғы орны — Оар өзені. Міне, осы оқиғаға байланысты жоғарыда көрсетілген өзендер, біздің ойымызша, қазіргі Елек (Лик), Ор (Оар), Ырғыз (Гиргис) өзендері болса керек. Бұл атаулар этимологиясын көне түркі тілінен табуға болады. Мысалы, «Ор» сөзінің көне түркі тілдерінде «қазылған ор» дегеннен басқа «өзен» деген де мағынасы бар. «Ырғыз» атауының «Ергісу» деген түрі чулым татарларының тілінде кездеседі, оның мағынасы ескі, ертедегі су, өзен. Елек өзенінің аты бастапқы Илек өзенінен өзгеруі мүмкін. Мағынасы: -и-су, ылғал; — лек — (зат есімнен туынды сын есім жасайтын жұрнақ) — «сулы, суы мол өзен» дегенді білдіреді.² Танаис өзенін кейбір зерттеушілер Сырдария атымен байланыстырады.

Ал, М. Тынышбаевтың айтуынша, «Дон өзені XIV ғасырға дейін Танаис деп аталған, мұндағы «ис» қосымшасы грек тілінде зат есімдерге қосылатын қосымша...».³

Бұл атаудың «Кіші жүздің Тана руы атауымен де байланысы жоқ па екен?» деген күдік көңілге оралады. Каспий теңізінің

1. Геродот, «История», т. IV, гл. 21–24, 123–143-баптары.

2. «Халық кеңесі» газеті, № 68, 9-сәуір, 1993.

3. Тынышбаев М., «Великие бедствия...» (Ақтабан шұбырынды),

ежелгі атауының бірі Кердері екенін еске сала кеткен де бөтен болмас (Кердері — Кіпі жүздегі Жетіру тайпасының бірі).

Геродот еңбегінде бұлардан басқа да тарихымызға қатысты ономотикалық, тілдік, этнографиялық және әдеби деректер баршылық. Қазақстан тарихына байланысты деректер Геродоттан кейінгі грек авторларында да мольнан кездеседі. Сонымен Геродот еңбегінен жоғарыда келтірілген мәліметтер Қазақстан және оған көршілес өлкелерді қадым заманнан түркі тайпалары мекендегеніне көз жеткіземіз. Бұл тайпалардың көпшілігі қазақ халқының этностық құрамына кірген, сондықтан бұл дәйектерді ел тарихының бастауы деп қараған жөн.

Қазақ халқының тарихы мен халық, ұлт болып қалыптасуы ру, тайпа, ұлыстар тарихымен тығыз байланысты. Сондықтан қазақ халқының тегін құрауға ұйтқы болған негізгі ұлыстар мен тайпа одақтарының тарихына қысқаша болса да тоқтала кетейік.

Көне қытай жазба нұсқаларының деректеріне қарағанда б.д.д. II ғасырларда Қытаймен көршілес, терезесі тең екі елдің бірі — үйсіндер. Бұл атау — ұлыс пен мемлекет атауы. Үйсіндердің қонысы батыста Шу және Талас өзендерінен Қаратаудың шығыс бөктеріне дейін созылып жатқан. Орталығы Іле аңғары, ордасы — Қызыл аңғар қаласы — Ыстықкөл маңында болған. Үйсіндердің жері бүкіл Жетісу өлкесін қамтып, Алтай тауына дейінгі жерге созылған. Қытай мырзасы Бань Чао сол кезде: «Үйсін-ұлы мемлекет, 100 мың әскері бар» деп жазды.»¹ — дейді А.Әбдірахманұлы. «Үйсін» атауы ру, тайпа мағынасын білдіреді.

Б.д.д. III ғасырдан қаңлы ұлысы кангюй деген атпен қытай нұсқаларынан белгілі. Олардың қонысы шығыста — Талас, Шу өзендерінің төменгі сағасын, оңтүстікте — Хорезмге дейінгі Шапи (Ташкент) өлкесін, ал солтүстікте — Сырдария бойын, Арал теңізіне дейін алып жатқан. Қаңлылар осы аймақта біздің дәуіріміздің IV ғасырына дейін үстемдік еткен. Атаудың көне түрі «қаң» —

1. «Халық кеңесі» газеті, №69, 10 сәуір, 1993.

«өзен» деген сөз, «қаң оғлы» деген тіркеспен келіп, «өзен бойындағы адамдар», «өзен ұландары» деген ұғымды білдіреді.¹

Кейбір тарихи деректерде VI—VIII ғасырларда Дулат хандығы Тарбағатайда және Оңтүстік Монғолияда болған делінеді.

Ал тарихшы Л.Гумилевтің зерттеулері бойынша, олардың иелігіне Орталық Қазақстан мен Жетісу аймағы да кірген. Батыс түркі қағанатына бағынатын он тайпаның бесеуі дулулардың қол астында болған.² Дулат атауын қазіргі тілге аударсақ, мағынасы жауға шапқанда әскердің «ту ұстап, алдыңғы сапында болушылар», ал бейбіт өмірде «ту астындағыларды билеушілер» дегенді меңзейді.

Арғындар б.д. V ғасырына дейін Алтайды мекендеген. V ғасырдан кейін олар шығыс Тарбағатайдан оңтүстікке қарай — Шығыс Тянь-Шаньға көшкен. XI ғасырда Тараз бен Баласағұн қалаларының арасында болған. М.Қашқари еңбегінде арғу деп аталады, кейін XIV ғасырда Арқаға барып қоныстанған. Атау V ғасырға дейін гунн мемлекетінің батыс бөлегінде болған батыс гундарға байланысты қойылған. Батыс гун (көне гун) тайпасы деген сөз. Мұның өзі қазақ халқының этностық құрамында гундардың үлкен үлесі бар екенін дәлелдейді.

Қоңыраттар Рашид-ад-дин еңбегінен XIV ғасырдан бері белгілі. Шыңғысханның бірінші әйелі, бүкіл дегені қыпшақты билеген Жошы ханның шешесі Бөрте — қоңырат руынан. Ру атауы қоңыр ат деген екі сөзден құралған.

Алшын тайпалары одағының аты VII ғасырда Алтайдың солтүстігін мекендеген ала аттардың есімімен тығыз байланысты. Олар да Алтайдан батысқа қарай көшкен. Жеке топтары оғыз, печенег, булгар, қыпшақтармен араласып, жаңа этностық топтар құрса, батыс ала аттары қазіргі түрікмен, өзбек, қазақ сияқты халықтардың құрамына кірген. VIII—X ғасырлардағы тарихи

1. «Халық кеңесі» газеті, N69, 10 сәуір, 1993.

2. Гумилев Л., «Древние тюрки». М. 1957, стр.150—153.

жазба нұсқаларда алатағын, алатын түрлерінде кездескен. Атаудың мағынасы ала аттыларды білдіреді. Жоғарыда айтылған қоңырат руы да осылай — қоңыр аттылар делінген. Аттарының түсінің бірыңғай түстен болуы — жоғалған, ұрланғанда және жауға қарсы жорыққа шыққанда бірден танылып, қай тайпа, жүз екенін аңғартқан.

Шапыраштылар — қазіргі Алматы, Жамбыл облыстарының арасын мекендейтін үлкен тайпаның аты. парсы, тәжік тілдерінде «чапраз» — сабақты түйме деген сөз.


Ғалымдардың айтуынша қазақ халқының тектік құрамына аз да болса иран, араб, моңғол тектес халықтар енгенін жоққа шығаруға болмайды. Мәселен, иран тілдес сақтардың бір тобы өз тілін жоғалтып, қазақтың ертедегі құрамына мүлде сіңіп кеткендігіне Созақ — су сақтары — (Сұғ-өзен-сақ) деген сөздің жер атында, шежіреде сақталуы: шапырашты руының аты иран тілдерінен қойылуы дәлел бола алады.

Араб әулеті болып саналатын қожалардың қазақ халқының құрамына енгенін Ш.Уәлиханов, С.Мұқанов, С.Аманжолов, Ә.Марғұлан сияқты ғалымдар айтқан болатын. Қазақта «Қожаға қол бер, төреге жол бер» деген сөз бар. Осындағы қожа — арабтар да, төре — монғолдар.

Қазақ халқының құрамында төре атанып, ХІХ ғасырға дейін хандар әулетін құрған монғолдардың қазақтың ұлттық құрамына енгенін Ш.Уәлиханов, Г.Санжеев, Г.Жданко, В.Востров, М.Мұқанов сияқты ғалымдар дәлелдеген. Сонымен бірге қатаған, маңғыт, төлеңгіт сияқты монғол рулары қазақ болып кеткен.

Қорыта айтқанда, бүгінде еңсесі көтеріліп, егеменді ел болған қазақ халқының ұлттық тегі көне түркі тайпаларының негізінде жасалған және ертелі-кеш түрлі тарихи жағдайларға байланысты оның құрамына аз да болса араб, монғол халықтары енген.

ҚАЗАҚ РУЛАРЫ. ШЕЖІРЕЛІК ДӘЙЕКТЕР



Қазақ рулары жақындағы әңгіме 1680 жылы шыққан шежіре кітапта баяндалған. Бұл — бір кісіге жүк боларлықтай 1500 беттік, кезінде Тәуке-хан жарлығымен жазылған шежіре — кітап.

Шежіре кітаптың соңында Иран-шахы — Надир-шах, Бұхар ханы — Суханқұл, Хиуа ханы — Анупа, қалмақ ханы — Тайшық, қазақ ханы — Тәуке хандар шежіре шыңдығына бас изеп, бармақтарын басқан.

Содан кейін шежіре — кітап үш жүздің өкілдеріне таратылып берілген. Кіші жүзге берілген «данасы атақты Әйтеке биден Әлімнің Шекті бөлімінің билеріне — Мөңке, Шонан, Нияз билерге ауысып отырған.

Нияз бидің немересі Құдайбергеннен Аманғали-ахунға (дін иесі) жетеді. Сонау коллективтендіру, дін иелерін қуғындау кезінде Аманғали-ахун өзінің туысы, 30-жылдардың басында Шалқар ауданы (Ақтөбе облысы) партия комитетінің хатшыларының бірі, Тілеу (Шекті руы) Өтепбергенге табыс етеді.

Қуғын-сүргіні жиілей берген аумалы-төкпелі сол бір жылдары Өтепберген бас сауғалап, Қарақалпақстан жеріне барып орнығады.

1980 жылы Өтекең қарт дүниеден озды. Шежіре кітап қазір Нүкіс қаласында тұратын Өтекең қарттың ұрпақтарында сақтаулы.

Бұрын ауыз-екі айтылып жүрген деректерді ескере отырып, біз шежіренің төмендегідей жақтарына тоқталуды жөн көрдік. Біз танысқан бұлақтар қазақтардың арғы тегін Түріктен, одан арғысы бас жағында айтылғандай Нұх пайғамбардан, Әнес сахабаның үш баласының бірі — Япастан таратады. Бұл жайында ел аузында қалған мынадай әңгіме де бар. Қазақ даласы Ресейге бодан болғаннан кейін, Екатерина патша тұсында, қазақтарға қалада мешіт салуға рұхсат етілмеген. Басты дәлелі — қазақтар мұсылман емес. Егер «Яфестің тұқыммыз, мұсылманбыз» десеңдер, араб халифатынан осыны дәлелдейтін құжат әкеліңдер деген талап қойған.

Сөйтіп, Кіші жүздегі Жетірудың Табын тайпасының Достан ишан мен Тама тайпасынан Нұрпеке халпе Меккеге барып, қазақтар Әнес сахабадан таралады деп, арабтарды сендіріп, осы мәмілені дәлелдейтін құжат әкелген. Осылайша «ақ патшадан» мешіт салуға рұхсат алынды деседі.

Сонымен Түрік бабамыздың үш баласы болған. Олар: Үрім, Қырым, Алау. Алаудан екі бала — Алан, Сәкел өмірге келген. Сәкелден Наурыз, Алаш туған. Наурыздан тұқым қалмаған. Атын есте қалдыру үшін Һамал айын Наурыз деп өзгертіп, жаңа жылдың басы ретінде тойлап, жиналып ас беріп отырған. Ақтөбе облысынан шығысқа қарай — Оңтүстік Қазақстан аймағында әрбір отбасы негізі еттен тұратын жеті түрлі дәмнен Амал (Һамал) — көже, Наурыз — көже асып, ауыл-ауылды шақырысып, дәм

татып, бата береді: Құран сүрелерінен аят оқылып, «Өлі риза болмай, тірі байымайды» дегендей, өмір кешкен ұрпақтарын еске алысады. Болашақтан ұзақ, баянды өмір тілейді. Одан әрі бұл рәсім ойын-сауыққа ұласады. Батыс Қазақстанның Орал, Атырау, Маңғыстау облыстарының қазақтары да Наурызды жыл басы деп, бір-бірімен кездескенде «жасың құтты болсын!» айтып, жасы кішісі үлкеніне барып сәлем беріп, қуаныса, сағыныса қауышып, ақ тілек айтып, құттықтасып жатады.

Алаптан бір бала — Мағаз туады. Мағаздан Майқы туады. «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы — Майқы би» дейтін тіліміздегі нақыл сөз осы кезеңді меңзесе керек.

Майқыдан Түмен, Жабал тарайды.

Түменнен бір бала — Өзбек, Өзбектен төрт бала — Шах, Шаха, Кене, Маңғыт туады. Бұл төртеуінен тараған ұрпақ 12 баулы Өзбек атанады.

Жабалдан Естек, Келмек (біріншісі — бәйбішеден, екіншісі — кіші әйелден) өмірге келген.

Естектен Башқұрт, Татар туған. Қазақ арасында татарларды «бәйбішенің баласы» дейтіні осы ретпен айтылатын болса керек.

Келмектен Сейілхан, Жайылхан туады.

Сейілхан Иран еліндегі Дүр деген кісінің Әйле деген қызына үйленіп, сол елде тұрған. Сейілханның бірінші әйелінен екі бала Егдір, Шәудір; Әйледен алты бала — Ата, Яумыт, Күрт, Көклен, Теке, Қожалақ өмірге келген. Бұл алтауын Әйледүр деп атаған. Анасы — Әйле, нағашысы — Дүр. Иран елі Сейілханды Түркмен деген, яғни тегі Түрік дегені болар. Сейілханға телітін Ағар, Шаңдыр, Қарадашлы деген үш баланы (аташы) Тат деп атайды, өйткені олардың тегі Сейілханнан тарамайды.

Жайылханнан Қазақ, Қырғыз, Созақ тарайды. Қырғыздан Сары, Қара деген екі бала туады. Созақтан бір бала — Мәлік туған. Мәліктен Разыхак өмірге келеді. Бұл жайында Қарақалпақтың атақты ақышы Бердақ шежіресінде былай дейді: